

«SAT & Company» Акционерлік қоғамының

(«SAT & Company» АҚ)

# БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

Шығарылым	<b>алғашқы</b>
Облигация түрі	<b>купондық облигациялар, қамтамасыз етілмейтін</b>
Шығарылым көлемі	<b>6 000 000 000 (алты миллиард) теңге</b>
Облигация номиналы	<b>100 (жүз) теңге</b>
Дана саны	<b>60 000 000 (алпыс миллион) дана</b>
Шығарылым түрі	<b>құжаттамасыз</b>

Облигациялар шығарылымының уәкілетті органдар тарапынан мемлекеттік тіркелуі проспектіде келтірілген облигациялардың сатып алынуына қатысты салымшы тарапынан жасалған қандай да бір ұсынысты білдірмейді. Облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжатта орын алған ақпараттардың дұрыстығы үшін жауапты болмайды. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сай болуы тұрғысынан қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы құжатта орын алған ақпараттардың дұрыстығы үшін жауапты және онда берілген барлық мәліметтердің дұрыс екендігін және салымшыларды эмитентке және оның облигацияларына қатысты адастырмайтындығын нақтылайды.

Алматы қ., 2012 ж.

**1. Облигациялардың аталмыш шығарылымы «SAT & Company» Акционерлік қоғамының алғашқы облигациялық бағдарламасын шығару Проспектісіне сай жүзеге асырылады.**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

**Облигациялық бағдарлама Проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні –** Алғашқы облигациялық бағдарламасын шығару проспектісі алғашқы облигациялық бағдарлама шегінде Облигациялар шығарылымының аталмыш Проспектісімен бірге бір мезетте тіркелуге жіберіледі;

**Шегінде шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай алғашқы облигациялық бағдарлама көлемі –** 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;

**Облигациялар шығарылымының реттік саны -** 1 (алғашқы) алғашқы облигациялық бағдарлама шегінде;

**Облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер** (уәкілетті органда шығарылымның тіркелген күні, облигациялардың саны, кесімді құн бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке – жеке жарияланған облигациялардың саны) – *аталмыш облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент бұдан бұрын Облигациялар шығарылымын жүзеге асырған жоқ;*

**Олардың иелеріне облигациялық бағдарлама шегінде бұдан бұрын шығарылған облигациялармен ұсынылған құқықтар, сонымен қатар шектеулердің (ковенант) бұзылуы кезінде жүзеге асырылған және иелерінің аталмыш құқықтарының жүзеге асуының ретін көрсете отырып иелерімен жасалған бағалы қағаздарды сату – сатып алу келісімшарттарында қарастырылған құқықтар –** аталмыш облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент бұдан бұрын Облигациялар шығарылымын жүзеге асырған жоқ;

**3. Шығарылым құрылымы:**

**1) облигациялардың түрі** - купондық облигациялар, қамтамасыз етілмейтін;

**2) шығарылған облигациялардың саны** - 60 000 000 (алпыс миллион) дана. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі – 6 000 000 000 (алты миллиард) теңге;

**3) бір облигацияның кесімді құны** – 100 (жүз) теңге;

**4) мыналарды көрсете отырып облигациялар бойынша сыйақы:**

**Облигациялар бойынша сыйақы мөлшері:**

Облигациялардың айналымының алғашқы жылында сыйақы мөлшері – облигациялардың кесімді құнынан жылдық 12%. Айналымның екінші жылынан бастап облигациялар бойынша сыйақы мөлшері -

$$r = i + m$$

формуласы бойынша, бұл жерде:

*r* – кесімді құннан сыйақы мөлшерінің көлемі;

*i* – тұтынушы бағалары индексінің өсуі/азаюы ретінде есептелетін құнсыздану (кезекті купондың мерзімнің басталатын күніне дейінгі бір айдан бұрынғы соңғы 12 (он екі) ай үшін статистика бойынша ҚР Агенттігі тарапынан жарияланған пайызбен минус 100 % (жүз пайыз) индекстің мәні);

*m* - 3% (үш пайыз) көлемінде тиянақталған маржа. Тұтынушылық бағалардың индексінің, оның есебінің алгоритмінің атауы өзгерген және т.б. жағдайда, купондың сыйақыны есептеу кезінде статистика бойынша ҚР Агенттігі тарапынан белгіленген көрсеткіштің эквиваленті қолданылады.

әр 6 ай сайын анықталып отырады, құнсыздану деңгейіне тәуелді, құбылмалы.

Үстіңгі шектің мәні  $r_{max}$  дейгейінде белгіленеді = облигациялардың кесімді құнынан жылдық 12% (он екі пайыз), төменгі  $r_{min}$  = облигациялардың кесімді құнынан жылдық 3% (үш пайыз).

Сыйақының жаңа мөлшері туралы ақпарат Облигацияларды ұстаушыларға келесі купондық мерзім басталатын күннен бір күн бұрын [www.kase.kz](http://www.kase.kz) мекен-жайы бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ веб-сайтына хабарлама жариялау арқылы жеткізіледі.

***Сыйақы есептеле бастайтын күн:***

Купондық сыйақы есептеле бастайтын күн өтініш білдірудің басталған күні болып табылады.

Өтініш білдірудің басталған күні – бұл облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген күні.

***Сыйақы төлеудің мерзімділігі мен күні:***

Облигациялар бойынша купондық сыйақының төленуі, сәйкесінше, 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақытша базасы есебінен жылына екі рет жүзеге асады. Купондық сыйақының төленуі жыл сайын өтеу мерзіміне дейін облигациялардың айналымға бастаған күнінен бастап әр 6 (алты) ай сайын жүзеге асырылады.

***Сыйақылардың төлем тәртібі мен шарттары:***

Купондық сыйақының төленуі үшін облигацияларды ұстаушылар тізілімдемесінің тиянақталуы осыдан кейін төлемдер жүзеге асырылатын мерзімнің соңғы күнінің басталған кезінде жүзеге асырылады.

Облигациялар бойынша сыйақы одан кейін төлем жүзеге асырылатын мерзімнің соңғы күнінің басталған кезіндегі жағдай бойынша (Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдемелер жүйелерін жүргізуді жүзеге асыратын тізілімдемешілер тарапынан көрсетілген Облигацияларды ұстаушылардың орналасқан мекеніндегі уақыт бойынша) оны алуға құқы бар тұлғаларға төленеді.

Купондық сыйақының төленуі одан кейін төлем жүзеге асырылатын мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигацияларын ұстаушылардың тізілімдемесінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылар банктік есеп-шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

Егер Облигацияларды ұстаушылар Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда купондық сыйақының төленуі Қазақстан Республикасының аумағында банктік есеп-шоты болған жағдайда облигацияларды ұстаушылар тізілімдемесінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылар банктік есеп-шотына теңгемен аударылады. Облигацияларды ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан белгіленген курс бойынша соманы теңгеден басқа валютаға айырбастауға болады. Соманың теңгеден басқа валютаға айырбасталуы облигацияларды ұстаушы есебінен жүзеге асырылады.

Облигациялар бойынша купондық сыйақы облигациялардың кесімді құнының және купондық сыйақының жылдық мөлшері мен 360-қа бөлінген (айда 30 күн есебінен) купонның есептелу мерзімінде ие болу күнінің санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

***Сыйақының есептелуі үшін қолданылатын уақыт мерзімі:***

Сыйақының (купон) есептелуі үшін 360/30 уақыт базасы (жылда 360 күн/ айда 30 күн) қолданылады

***Индекстелген облигациялардың шығарылуы кезінде есептеу тәртібі:***

Облигациялардың шығарылуы индекстелген болып саналмайды.

***Егер сыйақы мөлшері тиянақталған болмаса, оның көлемін анықтау тәртібі көрсетіледі:***

Купондық төлем бойынша пайыздық мөлшерді анықтау тәртібі туралы акпарат 4) тт. «облигациялар бойынша сыйақы мөлшері» бөлімінде көрсетілген.

***5)Облигациялардың айналуы мен өтелуі туралы мәліметтер***

***Облигациялардың айнала бастаған күні:***

Облигациялардың айналуы облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енген күннен басталады.

***Облигациялардың айналу мерзімі және олардың өтелу шарттары:***

Облигациялардың айналу мерзімі – айналысқа бастаған күннен бастап 7 (жеті) жыл.

Облигациялар теңгемен кесімді құн бойынша соңғы мерзім үшін сыйақының бір мезеттік төлемімен айналыс мерзімінің соңында одан кейін төлем жасалатын мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушы ағымдағы есебіне ақша аудару арқылы өтеледі. Егер облигация иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, онда купондық сыйақының төленуі Қазақстан Республикасының аумағында банктік есеп-шоты болған

жағдайда облигацияларды ұстаушылар тізілімдемесінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды ұстаушылар банктік есепшотына теңгемен аударылатын болады. Теңгемен болған соманы облигацияларды ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі тарапынан белгіленген курс бойынша басқа валютаға ауыстыруға болады. Теңгемен болған соманың басқа валютаға ауыстырылуы Облигацияларды ұстаушылардың есебінен жүзеге асырылады.

Соңғы мерзім үшін сыйақылар (купон) мен негізгі қарыздың алынуына одан кейін төлем жасалатын мерзімнің соңғы күнінің басталған жағдайы бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімдемесінде тіркелген тұлғалардың құқы бар.

***Облигациялардың өтелетін күні:***

Облигациялардың айнала бастаған күнінен бастап 7 жыл ішінде.

***Облигациялардың өтелуі жүзеге асырылатын орын:***

Олардың өтелуі кезінде облигациялардың кесімді құнының төленуі және соңғы мерзім үшін сыйақылардың төленуі Эмитенттің атқарушы органының орналасқан жері бойынша жүзеге асады: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Алмалы ауданы, Мұқанова, 241.

***Облигациялардың өтелу әдісі***

***Ақшалай*** – облигациялар бойынша негізгі қарызды өтеу қазақстандық теңгемен облигацияларды ұстаушылар тізілімдемесінің мәліметтеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылар банктік есепшотына Эмитент тарапынан ақша аударылу арқылы жүзеге асады. Егер облигация иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигациялар бойынша негізгі қарыздың өтелуі Қазақстан Республикасы аумағында банктік есепшот болған жағдайда теңгемен жүзеге асады. Облигацияларды ұстаушыдан тиісті сұраныс алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан белгіленген курс бойынша теңгемен болған сыйақы сомасын басқа валютаға ауыстыруға болады. Теңгемен болған соманың басқа шетелдік валютаға ауыстырылуы облигацияларды ұстаушы есебінен жүзеге асырылады.

***б) облигациялар бойынша қамтамасыз ету***

Облигациялардың шығарылуы қамтамасыз етілмейтін болып табылады.

***7) Облигацияларды ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер***

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде «ORKEN Invest» АҚ әрекет етеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды бақылау Комитетінің брокерлік және дилерлік қызметті атқаруға арналған № 4.1.1.216 нөмірлі 31.10.2011 ж. лицензиясы негізінде өз қызметтерін ұсынады.

«ORKEN Invest» АҚ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі және Қазақстан қаржыгерлері Ассоциациясының мүшесі болып табылады және

«ORKEN Invest» АҚ орналасқан жері: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 13, тел. +7 (727) 311 10 57, 311 10 58, факс +7 (727) 311 10 59.

Облигацияларды ұстаушылар өкілдерінің П-ДО нөмірлі 31 мамыр 2012 ж. келісімшарты.

***8) Тіркеуші туралы мәліметтер***

Қоғамның облигацияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу және сақтауды «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» акционерлік қоғамы жүзеге асырады, лицензия № 0406200345, 10 наурыз 2005 ж., Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен берілген.

Мекенжайы: 050036, Алматы қ., Астана ы.а., 8-А.

Тел.: 8 (727) 7 727 226-11-64, 226-13-32, 226-13-35, 226-29-30

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу туралы келісімшарт № 000-А-00006, 01 қыркүйек 2006 ж.

***9) облигациялардың орналастырылуына қатысушы ұйымдар туралы мәліметтер (облигациялардың жариялануына қатысушы ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті келісімшарттың күні мен нөмірі);***

Қаржылық кеңесші «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі және Қазақстан қаржыгерлер Ассоциациясы мүшесі «ORKEN Invest» Акционерлік қоғамы болып табылады және «ORKEN Invest» Акционерлік қоғамының орналасқан жері: Алматы қ., Өл – Фараби даңғ., 13, тел. +7 (727) 311 10 57, 311 10 58, факс +7 (727) 311 10 59.

**10) өтем агенті туралы мәліметтер**

Өтем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен облигациялардың кесімді құнының төлемі олардың өтелуі кезінде Эмитент тарапынан өз бетінше жүзеге асырылады.

**11) оның иесіне облигациялармен ұсынылған құқықтар:**

Эмитент облигацияларының иелерінің құқы бар:

- Осы Проспектімен қарастырылған мерзімде облигациялардың кесімді құнын алуға;
- Осы Проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақыларды алуға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алуға;
- Оларға тиесілі облигацияларды еркін иесіздендіруге және басқаша иелік етуге;
- Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығы туралы Заңының 18-4 бабымен белгіленген жағдайларда жарияланған облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- Облигацияларды ұстаушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листинг комиссиясы тарапынан ұсынылған ковенант бұзылған жағдайда жарияланған облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- Облигацияға меншік құқығынан туындаған басқа да құқықтар.

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы Заңының 18 – 4 Бабы Жарияланған облигациялардың сатып алынуы эмитент тарапынан мына жағдайларда жүзеге асуы тиіс:**

1) эмитент органы тарапынан облигациялардың делистингтелуі туралы шешімнің қабылдануы;

2) тізімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген ақпараттардың қор биржасы тарапынан берілу бөлігінде арнайы (листингтік) талаптардың орындалмауы себепті эмитент облигацияларының делистингтелуі туралы қор биржасы тарапынан шешімнің қабылдануы;

3) эмитент тарапынан Облигацияларды ұстаушылардың алдыңғы өкілдерімен болған келісімшарт әрекетінің тоқтатылған немесе бұзылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылар өкілдерімен келісімшарттың жасалмауы.

Белгіленген оқиғалар орын алған жағдайда эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың кесімді құнына сай келетін бағада немесе ең көп үлкендікке байланысты облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен жарияланған облигацияларды сатып алуға міндетті.

**11-1) оның пайда болуымен эмитенттің облигациясы бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі**

Облигациялар бойынша дефолт – бұл осы Проспектімен белгіленген сыйақылардың және / немесе негізгі қарыздың төлену мерзімінің бітетін күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде олардың өтелуі және соңғы купондық сыйақы кезінде облигациялардың кесімді құнының және / немесе купондық сыйақының төленбеуі немесе толық төленбеуі. Егер көрсетілген мерзім біткенге дейін эмитент өз міндеттерін атқармайтын болса, облигацияларды ұстаушылар барлық құқықтары мен олардың мүдделерінің қорғалуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер бұл орындамаушылық белгісіз күш жағдайларының салдарынан болған болса, Эмитент аталмыш Проспекті бойынша өз міндеттерінің жартылай немесе толық орындалмау жауапкершілігінен босатылады. Белгісіз күш жағдайлары дегенде пайда болуын алдын – ала байқау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар ұғынылады (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, т.б.) Белгісіз күш жағдайлары пайда болған жағдайда Эмитент тарапынан осы Проспекті бойынша өз міндеттерін атқару мерзімі осы уақыт аралығында осындай жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ететін уақытына сай жылжытылады.

**Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитент тарапынан қолданылатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақылары төлеу бойынша міндеттердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы кезінде облигация ұстаушыларының қорғану процедуралары:**

Сыйақылар және/ немесе негізгі қарыздың өтелуі бойынша облигация ұстаушыларының алдындағы өз міндеттерін орындамаған және / немесе дер уағында орындамаған жағдайда Эмитент келесі шараларды қолданады:

- Эмитенттің кінәсінен сыйақының және / немесе негізгі қарыздың өтелуі бойынша облигация ұстаушыларының алдындағы өз міндеттерін орындамаған және / немесе дер уағында орындамаған жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларына ақшалай міндет немесе оның бір бөлігінің орындалған күнге (сондай-ақ төлем жасалатын мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып әр кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеп, төлейді.

- Облигациялар бойынша дефолт пайда болған кезде Эмитент дефолт тудырған себептерді жою үшін және облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

- Эмитент тарапынан дефолттан тиімді түрде шығуды анықтау мақсатында облигация ұстаушыларының жалпы отырысын өткізу ұсынылады, сондай –ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарудың тиісті көлемі мен мерзімін көрсете отырып облигация ұстаушыларының алдындағы өз міндеттерін атқару бойынша іс- шаралар жоспары жасалады.

- Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент тарапынан қолданылатын, облигациялар бойынша қарыздың өтелуі мен Эмитенттің төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған шаралар, кез-келген қайта құру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түрлерін, сондай-ақ, алайда бұнымен шектелмей:

- 1) әкімшілік шығындарды қысқарту, соның ішінде жұмысшылардың штаттық санын қысқарту арқылы;
- 2) қолда бар активтерді іске асыру
- 3) ағымдағы қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында Эмитенттің кредит берушісімен келіссөз жүргізу;
- 4) Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті көлемде өз капиталын арттыру мақсатында Эмитенттің акционеріне жүгінуді қамтиды.

**Эмитент тарапынан орындалмаған міндеттердің көлемін, міндеттердің орындалмау себептерін, сондай-ақ эмитент тарапынан облигация бойынша міндеттерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайында эмитенттің міндеттері бойынша ынтымақты және жәрдем қаражат жауапкершілігі бар тұлғаларға эмитентке қарсы талабымен жүгіну тәртібін қоса, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының мүмкін болатын әрекеттерін санап шығуды қамтитын дефолттың пайда болу фактілері туралы ақпараттардың облигация ұстаушыларына жеткізу тәртібінің, мерзімі мен әдісінің сипаттамасы.**

Облигация бойынша дефолт пайда болған жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларын купондық сыйақының және / немесе олардың өтелуі кезінде облигацияның кесімді құнының төлемі үшін аталмыш Проспектімен белгіленген мерзімнің бітіуіне дейін ең кеш үш күн қалғанда «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайты арқылы хабарлама жариялау арқылы, сондай-ақ Эмитенттің сайтында төмендегі ақпараттарды қамтитын тиісті хабарламаны жариялау арқылы хабарландыруға міндеттенеді:

- Дефолттың фактісі туралы;
- Дефолт болған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттерінің көлемі туралы;
- Міндеттердің орындалмау себептері туралы;
- Олардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының мүмкін болатын әрекеттері туралы;
- Эмитенттің директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа да ақпараттарды.

**Егер эмитент тарапынан басқа бір заңды тұлғаға тапсырылған көрсетілген ақпарат жария болған жағдайда ол тұлғаның толық және қысқартылған атауы мен оның орналасқан мекені көрсетіледі**

Көрметілген ақпараттың ашылуын Эмитент басқа заңды тұлғаға тапсырмайды.

***Эмитент дефолт болған жағдайда өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының мүмкін болатын әрекеттері.***

Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы проспектімен белгіленген шарттарда және тәртіпте жүзеге асырылады.

***12) эмитенттің облигациялардың шығарылымын ерте жауып тастау құқығы (егер аталмыш құқық эмитент органының облигациялардың шығарылымы туралы шешімімен қарастырылған болса).***

Эмитенттің облигациялардың осы шығарылымын ерте өтеу құқығы қарастырылмаған;

***12-1) эмитент тарапынан облигация ұстаушыларын ақпарат мазмұнын, бұндай ақпараттың жария болу тәртібі, мерзімдері мен әдісі көрсете отырып өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабарландыру, сонымен қатар облигациялардың шығару проспектісімен қарастырылған шектеулердің (ковенант) бұзылғаны туралы ақпараттандыру тәртібі***

Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы, сонымен қатар ағымдағы қызмет, облигация ұстаушыларының мүддесіне барынша қатысты оқиғалар мен қаржылық есеп Қазақстан Республикасының заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы келісімшартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында жарияланады.

Сонымен қатар қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында: [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)

***13) облигациялардың жариялануынан келген қаржының қолданылуы туралы мәліметтер:***

Бұдан бұрын жарияланған облигациялардың жарияланымын қайта қаржыландыру үшін Эмитент осы шығарылымның жарияланған облигацияларынан 6 000 000 000 теңге жолдауды жоспарлайды.

**ҰСН - KZ2C0Y07C826**

**Шығарылым көлемі – 15 000 000 000 теңге;**

**Кесімді құн – 100 теңге**

**Шығару проспектісінің жазылған күнгі кесімді құн бойынша қарыз сомасы - 12 630 906 300 теңге;**

**Өтеу мерзімі – 19.01.2015 жыл;**

**Купондық мөлшерлеме-** облигацияның айналымының бірінші жылында – облигацияның кесімді құнынан жылдық 12%. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің айналымының екінші жылынан бастап – құбылмалы, құнсыздану деңгейіне тәуелді, төмендегі формула бойынша әр 6 ай сайын белгіленеді:

$$r = i + m, \text{ бұл жерде}$$

$r$  – кесімді құннан сыйақы мөлшерлемесінің көлемі;

$i$  – тұтынушы бағалары индексінің өсуі/азайуы ретінде есептелетін құнсыздану (кезекті купондың мерзімнің басталатын күніне дейінгі бір айдан бұрынғы соңғы 12 (он екі) ай үшін статистика бойынша ҚР Агенттігі тарапынан жарияланған пайызбен минус 100 % (жүз пайыз) индекстің мәні);

$m$  - 2% (екі пайыз) көлемінде тиянақталған маржа.

Үстіңгі шек мәні  $r_{max}$  деңгейінде белгіленеді= облигацияның кесімді құнынан жылдық 14% (он төрт пайыз), төменгі  $r_{min}$  = облигацияның кесімді құнынан жылдық 7% (жеті пайыз).

**Ағымдағы купондық мөлшерлеме – жылдық 9,4 %**

**Облигациялардың кредиттік рейтингі - Эксперт РА Қазақстан: В+ (31.05.12 г.)**

Облигациялардың жарияланымынан түскен қаражаттың жоспарды бөлінуінде көрсетілген мақсаттар өзгерген жағдайда эмитент тарапынан облигацияларды шығарудың осы проспектісіне өзгерістер енгізіледі.

**3-1. Облигациялардың өтелу сәтіне дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір мерзім кесімінде негізгі қарыз сомасының өтелуі және сыйақылардың төленуі үшін қажетті эмитенттің ақшалай қаржатының қайнар көздері мен тасқындарының болжауы.**

Купондық сыйақының төленуі мен негізгі қарыз сомасының өтелуі үшін Эмитент негізгі қызметтен түсетін ақшалай қаражат тасқындарын болжайды.



**3-1. Облигациялардың өтелу сәтіне дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір мерзім кесімінде негізгі қарыз сомасының өтелуі және сыйақылардың төленуі үшін қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының қайнар көздері мен ағындарының болжауы (мың.теңге)**

Бап	1 жартыжылдық 2012	2 жартыжылдық 2012	1 жартыжылдық 2013	2 жартыжылдық 2013	1 жартыжылдық 2014	2 жартыжылдық 2014	1 жартыжылдық 2015	2 жартыжылдық 2015	1 жартыжылдық 2016	2 жартыжылдық 2016	1 жартыжылдық 2017	2 жартыжылдық 2017
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>												
<b>Қаржылардың түсімі, жиынтығы</b>	<b>8 210 588</b>	<b>8 221 706</b>	<b>12 802 580</b>	<b>12 832 180</b>	<b>14 505 265</b>	<b>14 534 865</b>	<b>16 194 270</b>	<b>18 162 670</b>	<b>19 067 602</b>	<b>19 067 602</b>	<b>22 039 647</b>	<b>22 039 647</b>
Өнім саудасынан	6 932 722	6 991 922	12 467 922	12 497 522	13 728 922	13 758 522	15 220 722	17 189 122	18 158 804	18 158 804	21 057 028	21 057 028
Жұмыс капиталында өзгерістер	1 207 285	1 207 285	188 556	188 556	427 326	427 326	500 111	500 111	389 869	389 869	367 817	367 817
өзге (қызметтің өзге түрлерінен түскен)	70 582	22 500	146 103	146 103	349 017	349 017	473 437	473 437	518 929	518 929	614 802	614 802
<b>Шыққан қаржылар, жиынтығы</b>	<b>6 404 973</b>	<b>6 700 503</b>	<b>10 056 311</b>	<b>10 276 999</b>	<b>11 705 551</b>	<b>11 708 311</b>	<b>14 575 523</b>	<b>14 571 493</b>	<b>13 237 190</b>	<b>13 033 754</b>	<b>15 895 484</b>	<b>15 895 485</b>
Қаржыландыруға шығарылған қаржылар	363 247	363 247	923 449	923 449	1 126 363	1 126 363	2 187 029	2 187 029	1 643 097	1 643 097	1 674 567	1 674 568
КТС жабуға шығарылған қаржылар	231 620	231 620	749 620	749 620	794 020	794 020	949 420	949 420	1 267 620	1 267 620	1 127 020	1 127 020
Басқа шығарылғандар	5 388 713	5 013 555	8 061 541	8 061 541	9 265 706	9 265 706	10 931 226	10 931 226	9 927 039	9 927 039	13 012 497	13 012 497
% займ бойынша	421 393	1 092 082	321 701	542 389	519 462	522 222	507 848	503 818	399 434	195 998	81 400	81 400
<b>Операциялардан түскендердің жиынтығы</b>	<b>1 805 615</b>	<b>1 521 203</b>	<b>2 746 269</b>	<b>2 555 181</b>	<b>2 799 714</b>	<b>2 826 554</b>	<b>1 618 747</b>	<b>3 591 177</b>	<b>5 830 412</b>	<b>6 033 848</b>	<b>6 144 164</b>	<b>6 144 163</b>
<b>САЛЫМ ҚЫЗМЕТІ</b>												
<b>Салым салудан түскен жылдықта, соның ішінде</b>	<b>3 523 905</b>	<b>1 687 886</b>	<b>4 121 765</b>	<b>4 249 082</b>	<b>4 354 074</b>	<b>5 461 358</b>	<b>3 697 105</b>	<b>2 315 315</b>	<b>4 183 367</b>	<b>3 311 477</b>	<b>5 354 731</b>	<b>5 462 808</b>
НҚ –қа салымдар (ЖК, акцияларды сатып алу)	2 834 499	960 000	273 800	381 877	509 900	1 597 944	1 504 667	122 877	1 979 967	1 108 077	1 000 000	1 108 077
Капиталдық шығындар	689 406	727 886	3 847 965	3 867 205	3 844 174	3 863 414	2 192 438	2 192 438	2 203 400	2 203 400	4 354 731	4 354 731
Актив саудасынан түскендер	0	14 800 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Салымдардан түскендердің жиынтығы</b>	<b>-3 523 905</b>	<b>13 112 114</b>	<b>-4 121 765</b>	<b>-4 249 082</b>	<b>-4 354 074</b>	<b>-5 461 358</b>	<b>-3 697 105</b>	<b>-2 315 315</b>	<b>-4 183 367</b>	<b>-3 311 477</b>	<b>-5 354 731</b>	<b>-5 462 808</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>												
<b>Қаржыландырудан түскендер</b>	<b>6 553 952</b>	<b>7 030 861</b>	<b>7 044 120</b>	<b>4 044 120</b>	<b>4 072 442</b>	<b>4 072 442</b>	<b>2 192 438</b>	<b>2 192 438</b>	<b>2 203 400</b>	<b>2 203 400</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<i>Займдардың тартылды:</i>	1 430 861	4 430 861	3 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Банктік займдар	1 430 861	1 430 861	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
облигациялық заем	0	3 000 000	3 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Өзге қайнар көздер	5 123 091	2 600 000	4 044 120	4 044 120	4 072 442	4 072 442	2 192 438	2 192 438	2 203 400	2 203 400	0	0
<b>Қаржыландырудан түскен жылдықтаулар</b>	<b>3 833 498</b>	<b>8 086 484</b>	<b>1 442 984</b>	<b>2 143 440</b>	<b>1 157 589</b>	<b>2 080 530</b>	<b>8 432 529</b>	<b>2 686 716</b>	<b>1 763 775</b>	<b>2 686 716</b>	<b>2 383 907</b>	<b>2 769 567</b>
дивидендтердің төленуі	0	385 660	0	385 660	0	385 660	0	385 660	0	385 660	0	385 660
Банктік займдардың төленуі	1 786 196	3 506 797	865 130	1 359 926	759 735	1 297 016	1 403 775	1 941 056	1 403 775	1 941 056	2 023 907	2 023 907
12% мөлшерлеме бойынша облигациялық займ	651 425	593 652	577 854	397 854	397 854	397 854	397 854	360 000	360 000	360 000	360 000	360 000

бойынша пайыздардың өтелуі												
Облигациялардың төленуі	0	0	0	0	0	0	6 630 900	0	0	0	0	0
Өзге қайнар көздер	1 395 877	3 600 375	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Қаржыландырудан түскендердің жиынтығы</b>	<b>2 720 454</b>	<b>-1 055 623</b>	<b>5 601 136</b>	<b>1 900 679</b>	<b>2 914 853</b>	<b>1 991 912</b>	<b>-6 240 091</b>	<b>-494 278</b>	<b>439 625</b>	<b>-483 316</b>	<b>-2 383 907</b>	<b>-2 769 567</b>
<b>Қызметтерден түскен ақшалай қаражаттың арту/азаяу жиынтығы</b>	<b>1 002 165</b>	<b>13 577 695</b>	<b>4 225 641</b>	<b>206 779</b>	<b>1 360 493</b>	<b>-642 892</b>	<b>-8 318 449</b>	<b>781 584</b>	<b>2 086 670</b>	<b>2 239 055</b>	<b>-1 594 474</b>	<b>-2 088 212</b>
Басындағы қаражат	1 067 409	2 069 574	15 647 268	19 872 909	20 079 688	21 440 181	20 797 288	12 478 839	13 260 423	15 347 093	17 586 149	15 991 674
Соңындағы қаражат	2 069 574	15 647 268	19 872 909	20 079 688	21 440 181	20 797 288	12 478 839	13 260 423	15 347 093	17 586 149	15 991 674	13 903 462

**3-2. Эмитент тарапынан қабылданатын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Облигациялар шығарылымы туралы эмитент органының шешімімен қарастырылған болса):**

*Облигациялардың аталмыш шығарылымында шектеулер (ковенанттар) қолданылады:*

- 1) иесіздендірген ж. эмитент активтерінің құрамына кіретін Эмитенттің активтерінің жалпы құнынан жиырма пайыздан асатын сомадағы мүлкті иесіздендірмеу;
- 2) Облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күнінде аталмыш Эмитенттің активтерінің жалпы құнынан он пайыздан көп эмитенттің облигацияларының шығарылымымен байланысты емес міндеттердің орындалмау фактілеріне жол бермеу;
- 3) Эмитент қызметінің негізгі түрлерінің өзгертілуін қарастыратын Эмитенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер енгізбеу;
- 4) ұйымдық – құқықтық форманы өзгертпеу.

Аталмыш тармақпен қарастырылған шарттар Эмитент тарапынан бұзылған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылар талабы бойынша жинақталған сыйақыларды есепке ала отырып, облигациялардың кесімді құнына сай келетін баға бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы тарапынан ұсынылған ковенанттар**

5) облигация эмитенті мен биржа арасында жасалған листингтік келісімшартпен белгіленген жылдық және аралық есеп беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

6) облигация эмитенттері мен биржа арасында жасалған листингтік келісімшартпен белгіленген облигация эмитентінің жылдық қаржылық есеп беруі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

Осы тармақтың 5)-6) тармақшаларымен қарастырылған шарттардың Эмитент тарапынан бұзылуы жағдайында Эмитент үш жұмыс күні ішінде өзінің арнайы сайтында ([www.sat.kz](http://www.sat.kz)) көрсетілген ковенанттың бұзылғаны туралы хабарлама жариялауға міндетті. Егер осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Эмитент көрсетілген ковенанттың бұзылуын ретке келтірмейтін болса, онда облигацияларды ұстаушыға жинақталған сыйақы есебімен облигациялардың кесімді құнына сәйкес баға бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы беріледі.

**4. Опциондар туралы ақпарат:**

Аталмыш шығарылымның облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.

**5. Айырбасталатын облигациялар:**

Шығарылым айырбасталмайды.

**6. Облигациялардың жариялану әдісі:**

**1) облигациялардың жариялану мерзімі мен тәртібі:**

Облигациялар облигациялардың айналысының барлық мерзімі ішінде сауда - саттық ұйымдастырушысының ережесіне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жазылым және / немесе аукцион жолымен жарияланады

**2) жазылым жолымен акцияда айырбасталатын облигациялардың жариялануы кезінде айырбасталу шарттары көрсетіледі:**

Шығарылым айырбасталмайды.

**3) облигациялардың жариялануына қатысушы ұйымдар туралы мәліметтер: облигациялардың жариялануына қатысушы ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті келісімшарттардың күні мен нөмірі көрсетіледі.**

Эмитент бұл секілді келісімшарттар жасаспады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Тохтаров О.Т.

Шарабоқ Н.И.

ПРОНУМЕРОВАНО,  
ПРОШНУРОВАНО  
НА 31 ЛИСТАХ

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі»  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитеті

*Qush*

ТІРКЕДІ

20 ж. 26

*Qush*

